

**"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№ 29 ХАТТАМАСЫ**

20.03.2025ж.

Алматы қ.

**Өткізу форматы: аралас.
"БЖЗҚ" АҚ ОА/онлайн (Cisco Webex Meetings)**

ҚАТЫСТЫ

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері (бұдан әрі - Кеңес, ҚК)

- 1) Евгений Сейпульник, ҚК төрағасы;
- 2) Татьяна Батищева, ҚК төрағасының орынбасары;
- 3) Александра Алёхова;
- 4) Гүлсара Алтынбекова;
- 5) Елена Бахмутова (онлайн);
- 6) Алевтина Донских (онлайн);
- 7) Азамат Жолдасбеков;
- 8) Айдархан Құсайынов;
- 9) Жомарт Нұрабаев (онлайн);
- 10) Жұмагүл Тәжібекова;
- 11) Мұрат Темірханов.

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Ж. Б.Құрманов, "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасы;
- 2) С. А.Егеубаева, "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) К. Н. Фазылова, "БЖЗҚ" АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры;
- 4) М. А.Ақмаева, "БЖЗҚ" АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары, ҚК хатшысы.

Шақырылған қатысушылар:

1) Нұрғазин Нұржан, ҚР Ұлттық банкінің Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары.

Инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) өкілдері:

- 1) Әлібек Оразақов - "BCC Invest" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
- 2) Мәулен Үсенов, "BCC Invest" АҚ Активтерді басқару департаменті директорының орынбасары
- 3) Дархан Досанов, "BCC Invest" АҚ институционалдық клиенттерінің активтерін басқарушы
- 4) Динара Шумаева, "BCC Invest" АҚ маркетинг дирекциясының директоры
- 5) Әділ Табылди ев, "Halyk Finance" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
- 6) Нұрлан Мұстафин, "Halyk Finance" АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры
- 7) Нұрлан Ашинов, "Jusan Invest" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
- 8) Талғат Камаров, "Сентрас Секьюритиз" АҚ Басқарма төрағасы
- 9) Қуаныш Қыстаубаев, "Сентрас Секьюритиз" АҚ Талдау департаментінің директоры

Отырысқа Кеңестің 11 мүшесі қатысты. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) ҚРҰБ сенімгерлік басқарушысының зейнетақы активтерін басқару туралы есебі.
- 2) Инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) инвестициялық қызметінің таныстырылымдары.
- 3) Ұйымдастыру мәселелері:
 - ҚК мүшелігіне жаңа үміткерлердің сауалнамаларын қарау;
 - Кеңес туралы ереженің жаңа редакциясын бекіту және 25.12.2020ж. №15 хаттамамен бекітілген 15.03.2017ж. №2 ҚК хаттамасымен бекітілген Ереженің күші жойылды деп тану.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша ҚР Ұлттық банкінің Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Нұржан Нұрғазин зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы есеп берді.

Ұсынылған деректер бойынша 2025 жылғы 1 қаңтарға БЖЗҚ-ның Ұлттық Банктің басқаруындағы зейнетақы активтері 22,4 трлн теңгені құрап, 2024 жылы 4,6 трлн теңгеге немесе 25,9%-ға ұлғайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесі бір жыл ішінде 31,7%-дан 40,2%-ға дейін өскен. 2024 жылғы зейнетақы активтерінің кірістілігі 3,4 трлн теңге есептелген инвестициялық кіріс мөлшерінде 17,8% құрады. 2014 жылғы сәуірден 2024 жылға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің жинақталған кірістілігі 180,2% көрсетті, бұл кезеңдегі жинақталған инфляция мөлшері 156,0% тең. 2025 жылғы қаңтар-ақпан айларындағы инвестициялық кірістің төмендеуі уақытша сипатқа ие екендігі, оның зейнетақы активтерінің нарықтық және валюталық құнының өзгеруіне байланысты орын алып отырғаны атап өтілді. Н. Нұрғазин табыстылықтың қысқа мерзімді ауытқуларына қарамастан, 2024 жылғы наурыздан бастап 2025 жылғы ақпанға дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық табыс мөлшері 2,7 трлн теңгені құрағанын, 13,74% инфляция кезінде табыстылығы 9,4% мөлшерінде тіркелгенін де тілге тиек етті. Өз сөзінде Н. Нұрғазин валюталық активтерді инвестициялау активтер сыныптары бойынша нысаналы стратегиялық бөлуге сәйкес жүзеге асырылатынын және шетелдік басқарушы компанияларды тартуды көздейтінін айтты. Сондай-ақ, 2025 жылы БЖЗҚ зейнетақы активтерін Ұлттық қорды басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған негізгі бағыттар шеңберіндегі нарықтық шарттарда инвестициялау жалғастырылатынын атап өтілді. Сондай-ақ, валюта портфелінің қолданыстағы стратегиялық аллокациясын акциялар мен баламалы құралдар сияқты кірістер санатын ұлғайту арқылы қайта қарау жоспарлануда. Әлемде жинақтаушы және ерікті зейнетақы қорлары кеңінен қолданатын үлесі 10%-ға дейін баратын баламалы құралдарға (хедж-қорлар, жеке капитал қорлары, жылжымайтын мүлік қорлары және басқалар) инвестиция жасау мәселесі қаралатын болады.

Зейнетақы активтерін ҚР ҰБ-тың басқаруы туралы толық таныстырылым enpf.kz сайтында орналастырылған.

Кеңес мүшелерінің инвестициялық портфельге қаржы құралдарын, оның ішінде мемлекеттік және квазимемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу туралы сұрақтарына жауап бере отырып, Ұлттық банк өкілі олардың құралдардың рейтингтерін ескере отырып, нарықтық мөлшерлемелер бойынша ашық нарықта сатып алынғанын атап өтті.

Ұлттық банктің зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретіндегі ақпаратын назарға алу туралы ұсыныс түсті.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша ИПБ өкілдері өздерінің инвестициялық стратегияларын ұсынды, инвестициялау нәтижелері туралы есеп берді және зейнетақы активтерін басқару келешегі туралы өздерінің көзқарастарымен бөлісті.

"BCC Invest" АҚ Активтерді басқару департаменті директорының орынбасары Мәулен Үсенов 2024 жылы ұйым Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының активтерін басқаруға мандат алғанын және исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша листинг күтетінін атап өтті.

"Nalyk Finance" АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры Нұрлан Мұстафин де зейнетақы активтерін басқару жөніндегі жұмыстың нәтижелерін айтып, 2024 жылы портфель құрылымындағы негізгі өзгерістер стратегия мен нарықтық жағдайларға негізделгенін атап өтті. Атап айтқанда, шетел валютасының үлесі 15% - дан 35% - ға дейін және ҚР МБҚ үлесі 4% - дан 35% - ға дейін ұлғайтылды.

"First Heartland Jusan Invest" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Нұрлан Ашинов инвестициялық портфельге шолу жасап, олардың Компаниясының негізгі тәсілі "Тәуекел паритеті" стратегиясын қолдану екенін айтты. Бұл стратегия капиталдың өзін емес, тәуекелді бөлуге бағытталған (нарықтың құбылмалылығы тәуекел болып есептеледі). Сондай-ақ, бұл компания ұстанатын бағыттардың бірі - валюталық позицияны 30% деңгейінде ұстап тұру. Сөз сөйлеуші компанияның 2024 жылғы табысы 17,3% көрсеткенін атап өтті.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ Басқарма төрағасы Талғат Қамаров ИПБ жұмысының қорытындысына тоқтала отырып, басты міндет инфляциядан асатын табыстылықты қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтіп, компания капитал өсімі, дивидендтер және пайыздық кіріс арқылы ұзақ мерзімді табыстылықты қамтамасыз ете отырып, активтердің сатып алу қабілетін сақтауға ұмтылатынын, содан кейін барынша пайда алу үшін қайта инвестициялауды атап өтті.

Өткізілген таныстырылымдардың қорытындысы бойынша ИПБ өкілдері ҚК мүшелерінің сұрақтарына жауап берді.

Кеңес мүшесі А. Жолдасбеков бұдан әрі зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға аудару сомасын шектеу, сондай-ақ қаражатты зейнет жасына толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруына қайтару бойынша міндетті ережені алып тастау туралы мәселені талқылауға ұсынды. Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беру тақырыбы талқыланды. А. Жолдасбековтың айтуынша, ол салымшылардың ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға берілген жинақтарына да таралуы тиіс. "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасы Ж.Құрманов мемлекеттік органдардың қатысуымен зейнетақы активтерін басқару нарығын одан әрі дамытудың көптеген мәселелерін, оның ішінде олардың сақталуына кепілдік беру мәселелерін белсенді талқылау жүріп жатқанын атап өтті.

ИПБ-лардың барлық таныстырылымдық материалдары enpf.kz сайтына жарияланды.

ИПБ-лар берген ақпаратты назарға алу туралы ұсыныс түсті.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 3 мәселені талқылау барысында Қоғамдық кеңестің қарауына ҚК мүшелігіне екі үміткердің өтініші ұсынылды. Олар: Дана Жарлығапова (экономист) және Арман Джакуба (журналист, Inbusiness.kz АА бас редакторы). Екі үміткер де БАҚ пен әлеуметтік желілерде зейнетақы жүйесі туралы ақпаратты белсенді түрде зерттеп, түсініктеме беріп жүрген азаматтар.

Үміткерлерді Кеңес құрамына қабылдау туралы ұсыныс түсті.

Д. Жарлығапованың кандидатурасы бойынша төмендегідей дауыс берілді:

"қолдаймын" - 10;

"қарсымын" - 0;

"қалыс қалдым" - 1.

Көпшілік дауыспен қабылданды.

А. Джакубтың кандидатурасы бойынша төмендегідей дауыс берілді:

"қолдаймын" - 11;

"қарсымын" - 0;

"қалыс қалдым" - 0.

Үміткер бірауыздан қабылданды.

Осылайша, БЖЗҚ жанындағы ҚК сандық құрамы 15 адам болды.

Әрі қарай Қоғамдық кеңес мүшелері жаңа редакциядағы Кеңес туралы ережені талқылады. Ережеде Кеңестің мәртебесі, сондай-ақ оның БЖЗҚ және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тетігі нақтыланды. Талқылау барысында М. Темірханов Ереженің жаңа редакциясында Қоғамдық кеңестің мемлекеттік органдарға өз бетінше жүгінуге мүмкіндік беретін құқығы туралы тармақтың жоқтығы жайында ерекше пікір білдірді. Кеңестің "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының құрылымынан тыс тәуелсіз консультативтік-кеңесші органы ретіндегі заңды мәртебесін ескере отырып, ҚК отырыстарында туындайтын қандай да бір мәселелер бойынша өтініштер, сондай-ақ ҚК ұсыныстары одан әрі қарау және қажет болған жағдайда ұйымдастыру және техникалық сүйемелдеу және ден қою мерзімдерін қадағалау мақсатында мемлекеттік органдарға қайта жіберу үшін БЖЗҚ-ға жіберілетіні түсіндірілді.

Сондай-ақ, М.Темірханов отырысқа материалдарды алдын ала ұсыну туралы тілек білдірді. БЖЗҚ тарапынан материалдар дайын бола салып, дереу жіберілетіні расталды.

Г. Алтынбекова кеңестің сандық құрамын 21 адамнан артық қылмау туралы ұсыныс жасады. Ұсыныс қолдау тапты.

Тұтастай алғанда, Кеңес өз жұмысында міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары (зейнетақы төлемдерін алушылар) аударылған жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігінен ғана туындайтын және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде айқындалған зейнетақымен қамсыздандыру қағидаттарын, Қазақстан Республикасының өзге де бағдарламалық құжаттарын және нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Кеңес туралы Ережені, әлеуметтік (зейнетақы) құқық туралы Конституциялық қағидаттарды басшылыққа алатыны атап өтілді.

Кеңес туралы жаңа редакциядағы ережені бекіту және 15.03.2017ж. №2 ҚК хаттамасымен бекітіліп, 25.12.2020ж. №15 хаттамамен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Ереженің күші жойылды деп тану туралы ұсыныс түсті.

Дауыс берді:

"қолдаймын" - 9;

"қарсымын" - 1 (М. Темірханов - ерекше пікір);

"қалыс қалды" - 1.

Көпшілік дауыспен қабылданды.

Қоғамдық кеңес туралы ереже де enrf.kz сайтына жарияланған

Отырыс соңында ҚК кезекті отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелерді енгізу туралы ұсыныстар айтылды:

- "БЖЗҚ" АҚ-ның 2024 жылғы қызметі туралы есебі;

- 2024 жылғы актуарлық есеп.

ШЕШТІ:

Отырыстың күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша:

- ҚР ҰБ сенімгерлік басқарушысының зейнетақы активтерін басқару туралы есебі назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібінің 2 мәселесі бойынша:

- инвестициялық портфельді басқарушылардың инвестициялық қызметі туралы ақпарат назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібінің 3 мәселесі бойынша:

- Дана Жарлығапова мен Арман Джакуб Кеңес құрамына қабылдансын;
- Кеңес туралы жаңа редакциядағы ереже бекітілсін және 15.03.2017ж. №2 ҚК хаттамасымен бекітіліп, 25.12.2020ж. №15 хаттамамен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Ереженің күші жойылды деп танылсын;
- ҚК кезекті отырысының күн тәртібіне "БЖЗҚ" АҚ-ның 2024 жылғы қызметі туралы есеп пен актуарлық есеп енгізілсін.

Кеңес төрағасы

Е. Сейпұльник

Кеңес хатшысы

М. Ақмаева